



**Жоғары оқу орындарының
бірінші басшыларына**
(тізім бойынша)

«Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты бойынша

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы істері жөніндегі комитет белсенді шығармашыл жастар қауымдастығын қалыптастыруға бағытталған жастардың жаңа және қолданыстағы бастамаларын мемлекеттік қолдау мақсатында «Тәуелсіздік ұрпақтары» (бұдан әрі - «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты) грантын ұсыну жөніндегі конкурсының өтіп жатқаны туралы хабарлайды.

Ақпарат ретінде: 2021 жылы Тәуелсіздік күні қарсаңында Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев еліміздің 30 жас азаматына «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын табыс етті. Оның ішінде 5 жас адам «Мәдениет» бағыты бойынша, 6 адам «Ғылым», 5 адам «Ақпараттық технологиялар», 5 адам «Медиа», 9 адам «Бизнес». Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының 2022 жылғы 25 ақпандағы №2 Өкімімен грант алушылар Намурадин Айсана мен Наумова Динара Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы жастар саясаты жөніндегі Кеңестің құрамына кірді.

2022 жылы «Тәуелсіздік ұрпақтары» конкурсының «Мәдениет», «Ғылым», «Ақпараттық технологиялар», «Медиа», «Бизнес» бағыттары бойынша 3 млн.теңгеден 30 грант берілетін болады.

«Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты туралы хабарландыру Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің (qogam.gov.kz) сайтында орналастырылған.

«Тәуелсіздік ұрпақтары» грантына құжаттар ұсыну **2022 жылғы 13 қыркүйекке** дейін жүргізіледі.

Жоғарыда аталған жобаның маңыздылығын ескере отырып, Өзіңіз басқарып отырған білім ордасының жас қызметкерлері мен белсенді студенттеріне байқауға қатысты ақпаратты жеткізулеріңізді және осы конкурстың әр бағыты бойынша 5 адамның белсенді қатысуына, өз құзыреттеріңіз шегінде ықпал жасауыңызды сұраймыз.

Қосымша: «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын беру конкурсына қатысты ақпараттар _ парақта.

Құрметпен,
Төраға

Қ. Баймұльдинов

Орынд. Ұ. Жүсіпбекова, 74 12 78, 8 (702) 000 88 12